

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 3 қазандағы N 2483 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. ҚР 1997.06.19 № 134 Заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кіреді.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.07.04 № 335 Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "әскери қызметшілердің", "әскери қызметшісі", "әскери қызметшісінің", "әскери қызметшілерінің", "әскери қызметшілеріне", "әскери қызметшілері", "әскери қызметшілер", "әскери қызметшісіне", "әскери қызметшілерін", "Әскери қызметшілердің" деген сөздер тиісінше "қызметкерлердің", "қызметкері", "қызметкерінің", "қызметкерлерінің", "қызметкерлеріне", "қызметкерлері", "қызметкерлер", "қызметкеріне", "қызметкерлерін", "Қызметкерлердің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Қазақстан Республикасының Президенті Күзет", "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет", "Қазақстан Республикасы Президенті Күзет", "Президент Күзет" және "Президенттің Күзет" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "бастығы", "бастығының", "бастығына" деген сөздер тиісінше "Бастығы", "Бастығының", "Бастығына" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің мәртебесін, өкілеттігін және күзетілетін адамдар мен күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзет іс-шараларын өткізу жөніндегі қызметінің ұйымдастырылуын, сондай-ақ оның қызметін бақылау мен қадағалауды айқындайды.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің өз рәмізі мен айырым белгілері, туы, жалауы болады, олардың сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1-1-бап. Күзет іс-шаралары

Күзет іс-шаралары – күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың, жедел-іздістіру және қарсы барлау іс-шараларының жиынтығы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы күзет іс-шараларын өткізу жөніндегі республикалық жедел штабтың басшысы болып табылады.

Күзет іс-шараларын өткізу жөніндегі астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жедел штабының басшысын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы күзет іс-шараларын өткізу жөніндегі республикалық жедел штабтың құрамына кіретін мемлекеттік органдардың немесе олардың аумақтық органдарының өкілдері қатарынан айқындайды.

Күзет іс-шараларын өткізу жөніндегі республикалық жедел штабтың басшысы немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам күзет іс-шаралары өткізіле бастағаннан бастап және олар аяқталғанға дейін оларды өткізуге тартылған Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының барлық әскери қызметшілеріне, қызметкерлері мен мамандарына басшылықты жүзеге асырады.

Күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының шешімі бойынша осы Заңға және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес терроризмге қарсы операциялар шеңберінде жүргізіледі.

Ескерту. Заң 1-1-баппен толықтырылды - ҚР 2002.07.04 № 335; жаңа редакцияда - ҚР 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1-2-бап. Күзетілетін адамдар

1. Күзетілетін адамдар - Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарына және осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі күзетуге жататын адамдар.

2. Мыналар күзетілетін адамдар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) Қазақстан Республикасының Вице-Президенті;
- 3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының төрағасы;
- 4) Қазақстан Республикасының Премьер-министрі;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің зайыбы (жұбайы) және Президентпен бірге тұратын басқа да отбасы мүшелері;

6) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8) Қазақстан Республикасының экс-Президенттері;

9) тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдары;

10) Қазақстан Республикасының аумағында болуы кезеңінде шет мемлекеттердің, шет елдер парламенттері мен үкіметтерінің басшылары;

11) қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының аумағында болуы кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің немесе оның тапсыруымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының өкімдері негізінде қамтамасыз етілетін халықаралық ұйымдардың басшылары мен шет мемлекеттердің өзге де адамдары.

3. Осы баптың 2-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында аталған лауазымды адамдар тең жағдайда күзетіледі.

4. Осы баптың 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 8) және 9) тармақшаларында аталған адамдар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығына күзетуші адамдар қызмет міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда оларды ауыстыруды ұсынуға құқылы.

Ескерту. Заң 1-2-баппен толықтырылды - ҚР 2002.07.04 № 335, өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.06.14 № 290-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1-3-бап. Күзетілетін объектілер

Күзетілетін объектілер - күзетілетін адамдардың болуына арналған ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзететін өзге де ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумақ пен су айдыны.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі күзететін объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша бекітеді.

Ескерту. Заң 1-3-баппен толықтырылды - ҚР 2002.07.04 № 335 Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-4-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмыс мақсаттары

Қазақстан Республикасы Президентінің, басқа да күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін ұйымдастыру және үйлестіру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүргізу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмыс мақсаттары болып табылады.

Ескерту. 1-4-баппен толықтырылды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің міндеттері

1. Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандықтарына, ар-намысына, жеке басының қадір-қасиетіне және меншігіне қарсы бағытталған құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу;
- 3) күзетілетін объектілерде және күзетілетін адамдар болатын басқа да жерлерде олардың меншігін күзету, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) өз өкілеттіктері шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру;
- 5) күзетілетін адамдар мен объектілерге төнетін қатерлерді болжау және анықтау, олардың алдын алу және залалсыздандыру жөніндегі жедел шаралар кешенін жүзеге асыру;
- 6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзетуді жүзеге асыру және рәсімдік және

хаттамалық іс-шараларды атқаруға қатысу Мемлекеттік күзет қызметінің міндеттері болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің өзге де міндеттері белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) **Заңдарымен.**

3-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жұмысының принциптері

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысы заңдылық, гуманизм, адам құқықтары мен кәсіптік этиканы құрметтеу, дара басшылық принциптеріне сәйкес құрылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі өзінің алдында тұрған міндеттерді басқа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және жекелеген азаматтармен өзара бірлесе отырып шешеді.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жұмысының құқықтық негізі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жұмысының құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары құрайды.

4-1-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысын ұйымдастыру

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын, лауазымнан босататын және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығаратын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 2002.07.04 № 335; өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2 тарау. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысын ұйымдастыру

Ескерту. 2 тарау алынып тасталды - ҚР 2002.07.04 № 335 Заңымен.

3 тарау. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің міндеттері мен құқықтары

8-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің міндеттері

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің міндеті:

1) күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандықтарына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және меншігіне қолсұғатын құқық бұзушылықтарды болдырмау және олардың жолын кесу; бұлардың ықтимал жасалуына ықпал ететін мән-жайларды анықтау және өз құқықтары шегінде оларды жою үшін шаралар қолдану ;

2) құқық бұзушылықтардан және жазатайым оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ дәрменсіз күйде не денсаулығы мен өміріне қауіпті өзге де жағдайда болатын күзетілетін адамдарға көмек көрсету. Күзетілетін адамдарға медициналық қызмет көрсетумен байланысты ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге өз құзыреті шегінде қатысу;

3) күзетілетін адамдардың жеке басының қауіпсіздігіне немесе күзетілетін объектілерде және олар болатын басқа да жерлерде қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін дайындалып жатқан құқық бұзушылықтар мен оқиғалар жөніндегі мәлімдеулерді, хабарларды және келіп түсетін өзге де ақпаратты қабылдап алу, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды уактылы қабылдау;

4) күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандықтарына, ар-намысына, қадір-қасиеті мен меншігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды анықтау мен іздестіруде құқық қорғау органдарына жәрдем көрсету ;

5) күзетілетін адамдардың күзетілетін объектілерде және олар болатын басқа да жерлерде қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

6) күзетілетін адамдардың көліктің барлық түрінде және (немесе) көлік құралдарында жүріп-тұру қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзетілетін адамдардың жүріп-тұруы үшін бөлінетін көліктің және (немесе) көлік құралдарының жүріс қауіпсіздігі саласында қолданылып жүрген белгіленген ережелерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау және сақталуын бақылау;

7) авариялар, апаттар, өрт, табиғат зілзалалары және басқа төтенше жағдайлар кезінде күзетілетін адамдарды құтқару және оларға алғашқы медициналық көмек көрсету жөнінде, сондай-ақ күзетілетін адамдардың жеке мүлкін және күзетілуге тиіс

әрі караусыз қалған өзге де мүлікті күзету жөнінде шұғыл шаралар қолдану; Қазақстан Республикасы аумағында немесе жекелеген жерлерде төтенше немесе әскери жағдай енгізілген ретте заңға сәйкес күзетілетін адамдарға қатысты осындай жағдайдағы құқықтық режимнің қамтамасыз етілуіне, сондай-ақ эпидемия мен эпизоотия кезінде күзетілетін адамдарға қатысты карантиндік шаралар жүргізілуіне қатысу;

8) Қазақстан Республикасының Президентін және өзге де күзетілетін адамдарды байланыспен қамтамасыз етуді, президенттік байланыс жүйелерінің қауіпсіздігін, сондай-ақ олардың ақпараттан оқшау қалуына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастыру.

Президенттік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін және өзге де ұйымдарды президенттік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру тәртібі келісімдерде (шарттарда) айқындалады;

9) азаматтарға, кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге олардың байланыс құралдарын, көлігін және (немесе) көлік құралдарын, сондай-ақ үй-жайларын қызмет мақсатында пайдалануға байланысты келтірілген зиянды белгіленген тәртіппен өтеу;

10) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.08 № 2674 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1997.05.16 № 110, 2002.07.04 № 335; 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің құқықтары

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне өзіне жүктелген міндеттерді орындауы үшін мынадай құқықтар беріледі:

1) күзетілетін объектілерге және (немесе) күзет іс-шаралары өткізілетін аймаққа кіру (көлікпен кіру) кезінде, сондай-ақ олардан шығу (көлікпен шығу) кезінде жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру, оны (күзетілетін адамдарды қоспағанда) жеке жете тексеруді, оның өзімен алып жүрген заттарын, көлікті және (

немесе) көлік құралдарын және олармен алып өтетін заттарды жете тексеруді, оның ішінде техникалық құралдарды және (немесе) қызметтік жануарларды қолданып жете тексеруді жүргізу. Тізбесін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы айқындайтын заттар мен заттектерді күзетілетін объектілерге және (немесе) күзет іс-шаралары өткізілетін аймаққа алып өтуге тыйым салу;

1-1) Күзет іс-шараларын жүргізу кезінде фактілер мен оқиғаларды суретке түсіруді, дыбысжазбаны, кино және бейне түсірілімді жүзеге асыру.

2) күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, ар-намысына, қадір-қасиеті мен меншігіне қол сұғатын құқық бұзушылықтың жасалуына итермелейтін жағдаяттарды жою жөнінде ұсыныстар және (немесе) нұсқамалар енгізу;

2-1) жеке және заңды тұлғаларды тексеруді және оларды күзетілетін адамдар мен объектілерді күзету және оларға қызмет көрсету жөніндегі жұмысқа жіберуді жүзеге асыру;

2-2) терроризмге қарсы операцияға қатысу және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету кезінде "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шараларды және уақытша шектеулерді қолдану;

2-3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде анықтау жүргізу;

2-4) күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігі мақсатында "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" және "Қарсы барлау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жедел-ізвестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізу;

2-5) күзетілетін адамдардың болуына арналған террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын қосымша талаптарды белгілеу;

3) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың үй-жайларын, сондай-ақ жеке тұлғалардың тұрғын және басқа үй-жайларын, олардың көлігін және (немесе) көлік құралдарын, байланысын және өзге мүлкін шарт негізінде пайдалану;

4) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

5) күзетілетін адамдар келуге арналған үйлерде, құрылыстарда, ғимараттарда, оларға іргелес жатқан аумақтарда, сондай-ақ күзетілетін объектілерде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, радиациялық, биологиялық, химиялық және эпидемияға қарсы бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

5-1) күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзетілетін объектілерді күзету және қорғау бойынша жауынгерлік кезекшілікті ұйымдастыру және атқару,

күзет іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу тәртібін, сондай-ақ күзет іс-шараларына қатыстыруға тартылатын күштер мен құралдардың құрамын мемлекеттік органдармен келісім бойынша айқындау;

6) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің арнаулы даярлықтан өткен қызметкерлеріне және (немесе) әскери қызметшілеріне қаруды және арнаулы құралдарды сақтауына, тағынып жүруіне рұқсат беру;

8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлерін және (немесе) әскери қызметшілерін қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға жіберу;

9) әскери, арнаулы оқу орындарында, оқу орталықтарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің басқа да білім беру ұйымдарында кадрларды кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды шарт негізінде жүзеге асыру;

9-1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің, Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінің қызметкерлерін және (немесе) әскери қызметшілерін қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

10) баланста тұрған объектілерді пайдалану мен оларға техникалық күтімді қамтамасыз ету, бұларды санитарлық-гигиеналық, экологиялық және эпидемияға қарсы бақылауды ұйымдастыру;

10-1) Мемлекеттік күзет қызметінің орналасу орнынан тыс жерде уәкілетті органда есептік тіркеуге жатпайтын айрықшаланған бөлімшелер құру;

11) күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сіңірген еңбегі үшін азаматтарды ынталандыру, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсыну;

12) Қазақстан Республикасының азаматтарын еріктілік негізінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің штаттан тыс қызметкерлері ретінде қызметке тарту;

13) күзет іс-шараларына қатысу үшін қажет болғанда ішкі істер органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың күштері мен құралдарын тарту. Мемлекеттік органдарды күзет іс-шараларына қатысуға тарту тәртібі бірлескен нормативтік құқықтық актілермен бекітіледі.

Күзетілетін адамдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметін ұйымдастырушы әрі үйлестіруші орган болып табылады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.07.04 № 335, 2010.04.08 № 266-IV, 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің және (немесе) әскери қызметшілерінің дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдануы

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдану шарттары мен шегі

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің және (немесе) әскери қызметшілерінің Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық жағдайда дене күшін, қызметтік жануарларды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдануға, сондай-ақ арнаулы құралдарды, қаруды алып жүруге, сақтауға және қолдануға құқығы бар.

2. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында немесе құқық бұзушылық жасаған адамды ұстау кезінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкері және (немесе) әскери қызметшісі арнаулы құралдары немесе қаруы болмаған кезде қолда бар кез келген құралдарды пайдалануға, сондай-ақ осы Заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен жаратқандыруда тұрмаған өзге де қару мен техниканы қолдануға құқылы.

3. Терроризмге қарсы операция өткізілетін аймақта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің терроризмге қарсы операцияға қатысатын қызметкерлері және (немесе) әскери қызметшілері террористерге қатысты дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы ескертпестен және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шектеулерсіз қолдануға құқығы бар.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері және (немесе) әскери қызметшілері дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдануға байланысты жағдайларда

әрекеттер жасауға жарамдылығы тұрғысынан арнаулы даярлықтан өтуге, кезең-кезеңмен тексеруден өтіп тұруға міндетті.

5. Дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолданған жағдайда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері және (немесе) әскери қызметшілері айналасындағы жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің және (немесе) әскери қызметшілерінің дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы өкілеттігін асыра пайдаланып қолдануы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкері және (немесе) әскери қызметшісі, егер қорғау күзетілетін адамдарға, күзетілетін объектілерге немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерінің және (немесе) әскери қызметшісінің өзіне төнген қатердің сипаты мен қауіптілігіне сәйкес келсе, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдануына байланысты келтірген моральдық, материалдық залал және дене зақымы үшін жауап бермейді.

8. Арнаулы мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, азаматтық қорғау органдарының және мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері және (немесе) әскери қызметшілері күзетілетін адамдар мен күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, күзет іс-шараларын өткізуге тартылған кезде осындай қызметкерлерге және (немесе) әскери қызметшілерге осы тараудың ережелері қолданылады.

9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері және (немесе) әскери қызметшілері арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өткізетін іс-шараларға тартылған жағдайда олардың дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдануы осы Заңға және іс-шара бастамашысының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға алып келген, дене күші, қызметтік жануарлар, арнаулы құралдар, қару, жауынгерлік және өзге де техника қолданылған әрбір жағдай туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабар беріледі.

11-бап. Дене күшін және қызметтік жануарларды қолдану

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің және (немесе) әскери қызметшілерінің күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына,

құқықтарына, бостандықтарына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және меншігіне қатер төндіретін қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған адамдарды ұстау, заңды талаптарға қарсы әрекеттерді еңсеру үшін, егер күш қолданбау тәсілдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне жүктелген міндеттердің атқарылуын қамтамасыз етпейтін болса, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін және қызметтік жануарларды қолдануға құқығы бар.

2. Қызметтік жануарлар – күзетілетін адамдар мен күзетілетін объектілерге қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, олардың жолын кесу, соларды жасаған адамдарды анықтау мақсатында, жауынгерлік кезекшілікті атқару, көлікті және (немесе) көлік құралдарын, жеке тұлғаларды жете тексеру және жергілікті жерді қарап-тексеру кезінде құқық бұзушыларға дене күшімен, психологиялық, құрсаулау жолымен және өзге де әсер ету үшін, сондай-ақ өзге де қызметтік міндеттерді атқару үшін пайдаланылатын иттер мен жылқылар.

12-бап. Арнаулы құралдарды қолдану

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері және (немесе) әскери қызметшілері осы Заңның 13-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда, сондай-ақ:

1) құқық бұзушыларды, өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлеріне және (немесе) әскери қызметшілеріне немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарсылық көрсеткен немесе бағынбаған адамдарды ұстау және жеткізу;

2) жүргізушісі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерінің және (немесе) әскери қызметшісінің тоқтау туралы талабын орындамаған көлік құралын тоқтату үшін арнаулы құралдарды қолдануға құқығы бар.

2. Күзетілетін адам тұрған жаққа қарай, сондай-ақ жүктілігі білініп тұрған әйелдерге, мүгедектігі айқын көрініп тұрған адамдарға және жас балаларға қатысты, олар күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуыл жасаған, топталып шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа кезде, арнаулы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

13-бап. Қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдану

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің және (немесе) әскери қызметшілерінің қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы соңғы шара ретінде мынадай жағдайларда:

1) күзетілетін адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

2) күзетілетін объектілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзететін көлікке және (немесе) көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтару, сол сияқты олар басып алынған жағдайда оларды босату;

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлеріне және (немесе) әскери қызметшілеріне, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзетілетін адамдар мен күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзет іс-шараларын өткізу үшін тартқан басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

4) жеке тұлғаларды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сондай-ақ кепілге алынған адамдарды, басып алынған күзетілетін объектілер мен арнаулы жүктерді босату;

5) қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде не тікелей оны жасағаннан кейін қолға түскен, қарулы қарсылық көрсеткен жеке тұлғаларды, сондай-ақ қаруын тапсыру туралы заңды талапты орындаудан бас тартқан қарулы жеке тұлғаны ұстау;

6) қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш, уыты күшті химиялық және улы заттектерді өзімен заңсыз алып жүрген жеке тұлғаларды қарусыздандыру;

7) әуе кеңістігін күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта және (немесе) күзетілетін объектілер аумағының үстінен пилотсыз әуе кемелері бұзуының жолын кесу;

8) егер жүргізушісі күзетілетін адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндірсе және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерінің және (немесе) әскери қызметшісінің талабы бойынша тоқтаудан бас тартса, көлік құралын тоқтату;

9) жеке тұлғаларды олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жануарлардың шабуылынан қорғау;

10) дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін қолдануға құқығы бар.

2. Күзетілетін адамдар тұрған жаққа қарай, сондай-ақ әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты, олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды кепілге алған, көлікті және (немесе) көлік құралын басып алған жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдану басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайларда, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдануға тыйым салынады.

5 тарау. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің кадрлары

14-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің кадрлар құрамы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің кадрларын қызметкерлер, әскери қызметшілер және жұмыскерлер құрайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіндегі қызмет пен жұмысқа өзінің моральдық және іскерлік қасиеттері, білімі мен денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне жүктелген міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің штаттық санының лимитін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

күзет қызметі Бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің санын осы мақсаттар үшін бөлінген қаражат шегінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы белгілейді.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде қызметте тұрған адамдар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі кадрларында немесе қолданыстағы резервте тұрады.

Қызметкерлерді қолданыстағы резервке алу және олардың қызмет өткеру тәртібін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы белгілейді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі күзететін күзетілетін адамдардың, объектілердің, көліктің және (немесе) көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан ұйымдарда олардың келісімімен белгіленген тәртіппен штаттағы лауазымдарды атқара тұру үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметте қалдырыла отырып, іссапарға жіберілуі мүмкін.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-1-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бөлімдері мен бөлімшелерінде әскери қызмет өткеріп жүрген адамдар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері болып табылады.

2. Алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери бөлімдері мен бөлімшелері:

1) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) қызметке "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылданатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері;

4) әскери қызметшілер қатарынан жасақталады.

Азаматтарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне әскери қызметке шақыруды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы белгілеген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілеріне қойылатын білім, жұмыс тәжірибесі мен дене дайындығы деңгейі жөніндегі талаптарға сәйкес жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді іріктеп алуға басымдық беріледі.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы бекіткен нормалар бойынша мүліктің заттай және басқа да түрлерімен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 5-тарау 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

16-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмыскерлері

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жұмыскерлерінің еңбек қызметі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

Ескерту. 17-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері, әскери қызметшілері қызметтік міндеттерін атқару кезінде билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлеріне, әскери қызметшілеріне оның жеке басы мен өкілеттіктерін растау үшін қызмет куәлігі мен белгіленген үлгідегі жетондар беріледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің қызметтік әрекеттеріне тура және тікелей бастықтарынан басқа ешкімнің де араласуына құқығы жоқ. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің заңды талаптарын жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің заңды талаптарын орындамау, олардың қызметтік міндеттерін атқаруына кедергі келтіру, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлерін, әскери қызметшілерін қорлау, оларға қатысты қарсылық көрсету, қатер төндіру немесе күш көрсету, олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қол сұғу, олардың өздеріне жүктелген міндеттерді атқаруына кедергі жасайтын басқа да әрекеттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және мүлкіне қол сұғу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Заңға көрінеу қайшы келетін бұйрық немесе өкім алған кезде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкері, әскери қызметшісі заңды басшылыққа алуға міндетті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің саяси партия мен кәсіптік одақта болуға, қандай да бір саяси партияға немесе қоғамдық-саяси қозғалысқа қолдау көрсетуге немесе сыни пікір білдіруге құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері, әскери қызметшілері, заңнамаға сәйкес оның лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, өзге ақылы лауазымдарды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшылық органының немесе қадағалау кеңесінің құрамына кіруге құқылы емес.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің қызметтік міндеттері мен құқықтары

Ескерту. 18-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері, әскери қызметшілері:

- 1) алдарына қойылған міндеттерді біліктілікпен және дәлме-дәл шешуге;
- 2) кәсіптік және құқықтық білімнің, дене күші дайындығының, арнайы және жауынгерлік даярлықтың қажетті деңгейін сақтап тұруға міндетті.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері, әскери қызметшілері өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде және тәртіппен:

- 1) күзет іс-шаралары өткізілетін аймақтарда және күзетілетін объектілерде азаматтар мен лауазымды адамдардан белгіленген тәртіптің сақталуын талап етуге;
- 2) құқық бұзушылықтарды анықтауға, олардың алдын алуға және жолын кесуге;
- 3) қажет болған кезде азаматтар мен лауазымды адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруге;
- 4) құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда азаматтарды ұстауға, ішкі істер органдарына, өзге де құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қызметтік үй-жайларына әкелуге;
- 5) ұйымдарға, ал шұғыл жағдайларда азаматтарға да тиесілі байланыс құралдарын қызмет мақсатында пайдалануға;
- 6) қылмыстық құқық бұзушылықтарды болдырмау, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған немесе оларды жасады деп күдік келтірілген адамдарды қудалау және ұстау үшін, жедел медициналық жәрдем қажет адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ оқиға болған жерге бару үшін қызмет мақсатында ұйымдардың көлік құралдарын (шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың дипломатиялық, консулдық және өзге де өкілдіктеріне тиесілі көлік құралдарынан басқа) пайдалануға;
- 7) егер кешеуілдеу күзетілетін адамдар мен объектілерге нақты қатер төндіруі мүмкін болса, күзетілетін адамдар мен объектілерге қатер төндіретін қылмыстық және

әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу кезінде, сондай-ақ осындай қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілгендерді қудалау кезінде азаматтарға тиесілі тұрғын үй-жайлар мен өзге де үй-жайларға, меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың (шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың дипломатиялық, консулдық және өзге де өкілдіктерінен басқа) аумақтары мен үй-жайларына кедергісіз кіруге;

8) алып тасталды - ҚР 28.12.2016 № 36-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көліктің және (немесе) көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің көшелер мен жолдардағы қозғалысын уақытша шектеуге немесе бұған тыйым салуға, азаматтарды жерлердің жекелеген учаскелері мен объектілерге жібермеуге, олардың жерлердің нақты учаскелерінде немесе объектілерде қалуын немесе бұл учаскелер мен объектілерден кетуін міндеттеуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің дене күшін, қызметтік жануарларды, арнаулы құралдарды, қаруды, жауынгерлік және өзге де техниканы қолдануы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерін, әскери қызметшілерін олардың қызметтік міндеттеріне қатысы жоқ функцияларды орындау үшін тартуға тыйым салынады.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің жеке қауіпсіздігі мен құқықтық қорғалу кепілдіктері

Ескерту. 19-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде оны әкімшілік ұстауға, сондай-ақ жеке жете тексеруге, оның өзімен алып жүрген заттарын, пайдаланатын қызметтік көлік құралдарын жете тексеруге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерінің, әскери қызметшісінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерінің, әскери қызметшісінің қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал кейіннен осы сома залал келтірген адамнан өндіріліп алына отырып бюджет қаражатынан толық көлемде өтеледі. Залалды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі айқындайды.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің жауапкершілігі

Ескерту. 20-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6 тарау. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

21-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысын қаржыландыру

Ескерту. 21-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметін қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметін қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7 тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

23-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысына бақылау жасау

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысын Қазақстан Республикасының Президенті бақылайды, ол тексеруші органдарды тағайындайды,

олардың мақсатын, міндеттері мен өкілеттігін айқындайды, бақылау нысандары мен оларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мен оның жұмысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының Президентіне табыс етіледі.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.07.04 № 335 Заңымен.

24-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жұмысында заңдылықтың сақталуын қадағалау

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздістіру және қарсы барлау қызметі, күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтау салаларындағы жұмысында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды Бас Прокурор және ол арнайы уәкілеттік берген прокурорлар жүзеге асырады.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Осы Жарлықты жүзеге асыру мен күшіне енгізу тәртібі

Ескерту. 25-бап алынып тасталды - ҚР 2002.07.04 № 335 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*